

Ж.Ж. Жарылғапов¹, М.С. Амангельдина², М.Т. Оспанғалиева²

¹Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті, Қазақстан;

²Қарағанды мемлекеттік техникалық университеті, Қазақстан
(E-mail: mereke_amangeldina@mail.ru)

Қазіргі қазақ романы туралы

Мақалада қазіргі қазақ романының жанрлық ерекшелігі қарастырылды. Қазіргі қазақ романы талқыланып, оның басқа жанрлардан ерекшелігі, сондай-ақ жазылу ерекшелігі мен көркемдік стилі жан-жақты сипатталды. Қаламгерлердің сөз саптаулары мен олардың тілдік-эстетикалық бояуларының көрінісі талданды. Роман стилі, оның ішінде қазақ романы жайлы зерттеулерге шолу жасалды. Өткен ғасырда жазылған романдар мен қазіргі жазушылардың туындылары салыстырылып, қазіргі романдардың көлемі, мазмұны мен құрылымы көрсетіліп, оның мазмұны ашылды. Сонымен қатар роман жанры қазіргі ғылыми бағытта зерттеліп, әдеби-теориялық тұрғыда талданды.

Кілт сөздер: сөз, роман, әдебиет, жазушы, постмодернизм, роман теориясы, тұлғалық тұлғалар, кейіпкер әлемі.

Асылында, жер бетіндегі барша халықтардың даму жолы біркелкі еместігі аян. Алғашқы қауымдық құрылыстан неғұрлым күрделі қоғамдық өмір формаларына әр халық түрлі жолдармен, түрлі уақыттарда өтіп отырды.

Соңғы жылдары қазіргі романның жай-күйі көп сөз болып, талай талқыға түсті. Роман проблемасының өзекті мәселеге айналғаны соншалық – кейінгі кезде бұған бағышталып ерекше кітаптар да жарық көрді.

Ғалым Р. Бердібайдың роман теориясының негізгі мәселелері жайлы еңбектерін бағалау үшін, ең алдымен, романтизмдегі әлем әдебиетіндегі ұстанымдарды, роман жанрының ерекшеліктерін, қазақ романының пайда болу мен қалыптасу тарихын таразылап алу керек екендігіне көз жеткіздік.

Роман – күрделі қоғамдық сана дамуының жемісі. Ол жекелеген авторлардың туындысы болғанмен, оны дүниеге әкелетін қоғамдық ойлау жүйесін де естен шығаруға болмайды. Қоғамдағы ой-сана толып жетілмей, роман дүниеге келе алмайды. «Роман жанры дамуының өзіндік тарихи ерекшелігі бар. Барлық әдеби жанрлар ішінде болмыс, өмір, адам, қоғам, тіршілік тарихын, уақиғаларын, проблемаларын, уақыт, кеңістік өлшемдерінде көлемді түр, кестелі түрде бейнелей алатын, тереңдей қозғайтын, көркем көрсетуге мүмкіндігі өлшеусіз мол жанр – роман.

«Аяз би», «Жармақ», «Қылкөпір», «Ән салуға әлі ерте», «Жаңғырық», «Қараөзек», «Мешкей», «Алан», «Қаһарлы Алтай», «Туажат», «Тар кезең», «XX ғасыр», «Гүлдер мен кітаптар», «Талтүс», «Мұнара», «Ай қараңғысы» т.б. романдар бүгінде оқырман қауымға жаңа идея мен жаңа ой сыйлауда. Аталған романдардың жазылуы стилі де әр түрлі.

«Адамзат барда – роман бар. Эпосқа жүк боларлық адам тағдыры андағайлайды. Бар құпия осында, сондықтан да адамзат мифы қилы да қиян қоғаммен әдеби әлем ретінде қатар өмір сүре берері хақ. Роман, ұлы Ахаңның (Байтұрсынов) айтуынша, — бар-жоғы әңгіме. Иә, «ұлы әңгіме». Ал адам жүрген жерде әңгіме пәлсапаланып, өсек өре жөнеледі... Романда толқын-толқын болып туып отырады [1,85].

Әр тағдыр – бір роман. Кез келген пенденің қысқа өмірі – ұзақ эпос, ұзын әңгіме. Олай болса, эпос жыры ғұмыр бойы жырлана бермек» деп, Асқар Алтай айтқандай, романның халық үшін берері көп.

Ең алдымен, қазіргі романдардың тақырыптық ауқымы кеңейе түскенін, халқымыз тарихының түрлі кезеңдері, Қазақстанның шартараптарында болған оқиғалардың тізбегі молынан көріне бастағанын айтар едік. Мәселен, М.Қаратаевтың «Даладағы дабыл» романы қазіргі Қарсақпай, Байқоңыр өндіріс ошақтарының сонау 1913 жылдан бергі жай-күйін әңгімелейді, сол революциялық қозғалыс жетекшілерінің іс-әрекетін көрсетеді. Ә.Нұрпейісов өзінің «Қан мен тер» романында Арал балықшыларының, сол маңдағы елдердің Бірінші дүниежүзілік соғыс қарсаңындағы ауыр өмірін суреттейді. Ал ақын А.Токмағамбетов өзінің «Әке мен бала» романында Октябрь революциясынан кейінгі кездегі Оңтүстік Қазақстанның хал-ахуалын көрсетуді көздеген. Жазушы Х.Есенжановтың азамат соғысы жылдарының оқиғаларына арналған «Ақ Жайық» романының екінші кітабы шықты. Қазақстанда Совет өкіметінің орнығу процесін Ғ.Мұстафиннің «Дауылдан кейін», С.Мұқановтың

«Мөлдір махаббат» романдарынан көреміз. Ұлы Отан соғысы кезіндегі тыл еңбекшілерінің қажырлы қызметі Ө.Қанафиннің «Дәмелі» романына арқау болған. Қазіргі дәуір шындығынан жазылған төрт романды айтамыз. Олар: М.Әуезовтің «Өскен өркені», З.Шашкиннің «Теміртауы» мен «Доктор Дархановы», Т.Әлімқұловтың «Ақбоз аты». Қазақ совет әдебиеті тарихының ешбір кезеңінде қысқа мерзім ішінде мұншама роман туған емес.

«Роман» дегенде, ең алдымен, бұл қазіргі күндегі ең өнімді жанр еместігін ескеруіміз керек. «Қазіргі қазақ романы» дегенде Дидар Амантайдың «Гүлдер мен кітаптары», Айгүл Кемелбаеваның «Мұнарасы» алдымен ойға оралады. Себебі бұл шығармаларда постмодернистік сарын бар, бұрынғыларға ұқсамайтын, формалық ізденістер байқалады. «Гүлдер мен кітаптар» эстетикалық, философиялық сипатымен құнды болса, «Жармақ» қазіргі қазақтың екіге жарылған образын, біздің кері кеткен қоғамды анық көрсетті, «Мұнара» замандасымыздың бейнесімен қымбат. Таласбек Әсемқұловтың «Талтүсі», Смағұл Елубайдың «Жалған дүниесі» дәстүрлі романның лайықты жалғасы деуге болады. Соңғы кезде біз тұшынып оқыған дүниелердің ішінде Тынымбай Нұрмағамбетов, Төлен Әбдік, Асқар Алтай, Роза Мұқанованың шығармалары болды, бірақ олардың көбі хикаят пен әңгіме. Көлемді жанрда, әрине, Қажығұмар Шабданұлының «Қылмысын» ұмытуға болмайды. «Түрмеде жазылған әдебиет», «Мемуарлық роман» деп аталып жүргенімен, ол бір адамның ғана емес, күллі қоғамның жай-жапсарынан хабар беретін туынды ретінде бағасын да алды.

Роман жанрының өзінен бұрынғы жанрлардан айырмашылығы туралы ғалымдар онда фабула болмайтынына, қарапайым өмірдегі жағдайдан басталып, жеке кейіпкердің әрекеті суреттелетініне назар аударады. «Сервантес начинает писать «Дон Кихота» не зная, чем закончится и даже какие этапы и дороги пройдет его повествование. Он исходит из определенной коллизии, начальной ситуации, а далее события развиваются уже как бы сами по себе», — дейді орыс ғалымы Кожин.

Қазіргі қазақ прозасының жай-күйі, шама-шарқы, бағыт-бағдары туралы пікір айту, болжам жасау аса қиын. Біз ғасырлар тоғысқан, жаңа мыңжылдықтар орын алмастырған, заманалар ауысқан кезеңге дөп келдік. Ауылдан қалаға көшіп, қағаз бен қаламнан компьютерге көшіп етене ене бастаған жұрт әлі де табалдырығын аттаған жаңа әлемге бой үйрете алмауда. Бұған әдебиет пен әдебиетшіге, жазушы мен кейіпкерге көңіл бөлгісі келмейтін, шығармашылық адамдардың жай-күйін жасауға құлықсыздық танытып отырған нарықтық заманды қосыңыз.

Адамзаттың сезімталдыққа, пәктікпен ажарланған сұлулыққа, асқақ арман мен мұратқа жету нәтижесінде дүниеге келіп, адамзат баласының рухани азығына айналған әдебиеттің даму белестерінде айрықша бір кезеңдер болады. Әдебиетте Қ. Ысқақов, М. Мағауин, Ә. Тарази, О. Бөкей, М. Сүндетов, Д. Исабеков, тағы басқа жазушылар қазақ прозасы адамның өз ортасынан, өз-өзінен жатсыну, проблемалары кейінгі қазақ прозалық шығармаларында кеңінен көрініс табады. Ә.Нұрпейісовтың «Соңғы парыз» роман-диологиясы, М.Мағауиннің «Жармақ» романы, «Қыпшақ аруы» хикаяты, Т.Әбдіқовтің «Парасат майданы» повесі, А.Жақсылықовтың «Аласталғандардың түсі» трилогиясы, Х.Әдібаевтың «Жұлдыздар шоғыры» ашық сырласу романы, С.Елубайдың «Жалған дүние» толғау-романы, Б.Мұқайдың «Өмірзая» романы, Т.Әсемқұловтың «Талтүс» романы, К.Сегізбаевтің «Аюдың өті» повесі, А.Алтайдың «Алтайдың алқызыл модағайы» роман-мифі, «Казино» абсурд әлем новеллаларында, Т.Нұрмағамбетовтың «Айқай» повестер мен әңгімелер жинағында, Ж.Ахмадидің «Айтұмар» этнографиялық романында, А.Егеубайдың «Жүсіп Баласұғын» роман-эссесі, Д.Нақыповтың «Күл шеңбері» романы-интенциясы, Д.Амантайдың «Түнгі жарық» романы, Р.Мұқанованың «Құдірет-кие» повестер жинағында, А.Кемелбаеваның «Мұнары», «Майа» роман-повестерінде және кейінгі толқын жазушылар шығармаларында адам санасының екіге жарылуы, екінші *Менімен* бейсаналық түрде айтысқа түсуі, әлеуметтік, саяси, рухани келеңсіздіктерді жан-жақты терең көркем бейнелеу үшін аллегориялық тәсілдер ретінде әдеби айналымға еніп отыр [1; 110]. Қазақ прозасының тәуелсіздік кезеңінде туған көркем шығармаларында жазушылар әдебиеттің дәстүрлі принциптерін сақтай отырып, болмыс жұмбақтары мен өмірдің мәні туралы мифологиялық желілер мен формалар енгізіп рухани құндылықтарды жаңаша ойлау тұрғысынан қарастыру неомифологизм ағымын одан әрмен дамытуға алып келді.

Әрбір жазушы өз шығармашылығында өмір шындығын өзінше түсінеді. Қазақ әдебиетінде постмодернистік ұғымның да жат емес екендігін М.Мағауиннің 2007 ж. Прага қаласында жарыққа шыққан «Жармақ» романынан көреміз. Романда бүгінгі Қазақ елінің екі ғасыр шегіндегі көкейкесті мәселелері көтеріледі, қазақ қоғамында асқынып, қатерлі сипат алып бара жатқан өз ұлтынан жатсыну, дүниенің бар байлығын ақшамен есептейтін руханият болмысы, тәуелсіз елдің жарқын болашағы, халық тағдырына байланысты терең толғаныстары шертіледі.

Нәтижесінде, күнделікті өмірде мың құбылып өзгерген заман ырқын пайымдау, ұлт психологиясына сызат түсірген құбылыстарды суреттеу романның тынысын кеңейте түскен. Романда авторлық позицияны жеткізуде көркемдік құрал ретінде қолданған шартты, қажетті әдеби тәсілдер, шығарманың замана шындығын аңғартуда реалистік сипат екендігіне күмән туғызбайды. Әсіресе бүгінгі күн ұлттық діліміздің, тіліміздің қасіретін таңбалаған «Жармақ» ұлттық прозамыздың көкжиегін кеңейте түскендігі шындық.

Адам мінез-құлқының себеп-салдарын, «сана ағымының» екіге қажарылу себептерін, қос тұлғалықтың тұйыққа, жол таба алмай жолайрыққа тірелуін, кейіпкер әлеміне терең бойлау арқылы жоғары философиялық-моральдік деңгейде шешуі авторлық позицияның жарқын көрінісі «Жармақ» романында бүгінгі кеңістік пен уақытты мифтік сана, архетиптік жады арқылы кейінге шегеріліп түс көру, елес, аян беру мифтік-фольклорлық тәсілдермен жаңа көркемдік формаға келтіріле суреттеледі.

Бұл көркемдік тәсілдер қазақ әдебиетінде бұрыннан қолданылып келе жатқан үрдіс. Бұлардың түп-төркіні мифологиядағы: тотемистік, магиялық, анимистік және т.б. нанымдар мен сенімдерге барып тіреледі. «Жармақ» романының күрделі және қайшылықты психологиялық ішкі сана тартысына құрылғаны туралы ғалым С.Қасқабасов былайша ой айтады: «Бір адамның екіге бөлінуі философиялық тұрғыдан алғанда өте күрделі құбылыс, көркем өнерде, әдебиетте өмірдегі қайшылықтарды, кейде ашық айта беруге болмайтын әлеуметтік, саяси, қоғамдық, рухани келеңсіздіктерді көрсету үшін кейіпкерді екіге жарып, суреттейтін аллегориялық тәсіл» керек, мұны М.Мағауиннің «Жармақ» романында тереңнен суреттелгендігінен аңғарамыз дейді. Романдағы тартыстың негізгі арқауы Мұрат Бейсенұлы Қазыбеков пен оның көленке сыңары Марат Бейсенұлы Қазыбеков туралы [2; 95].

Очерк, новелла сынды ықшам жанрлар жазушылар үшін кең құлашты, эпикалық тынысты туындылар жазу алдындағы шеберлік мектебі, кесек туындылардың эстетикалық эскиздері екені рас. Мұны өзінің шығармашылық лабораториясы арқылы көз жеткізген Ғ. Мүсірепов айтқан болатын: «Көркем очерк алдағы күндерде туар үлкен еңбектердің барлаушысы. Бұл – әрбір үлкен жаңалықтарға тез жаңғыртып отыратын, жазушының белсенділігін арттыратын сала», — дейді ол. Осы очерк, новеллалардан бастау алатын қазақ романдарының бүгінде жазылу ерекшелігі, стилі ерекше. Мәселен, біз қазіргі қазақ романының бірі де бірегейіне айналған «Жармақ» романын басқа бір романмен салыстырып көрсек, екеуінің арасы жер мен көктей. Мысалы, қазақ әдебиетіндегі реалистік роман бастауында тұрған шығарма – Жүсіпбек Аймауытовтың «Қартқожа» романы. Реализм болғанда да, ағартушылық реализм үлгісінде жазылған туынды. Қай ұлттың әдебиетін алсақ та, реализм кемелденген сайын, роман, роман-эпопея сияқты, ірі жанрлардың өркендеуіне жол салды. Себебі реалистер адам тағдырын суреттей отырып, әлеуметтік байланыстарға көңіл бөліп қоғамның барлық салалары мен иерархиясын қамтуға тырысты. Және оны оқырман қауым назарына толық жеткізді.

Алпысыншы-жетпісінші жылдарға дейін романдар көлемді жазылса, одан кейінгі жылдардан бүгінге дейін жал-құйрығы қысқарып келеді. Оны оқырмандармен де байланыстырып жатады. Бірақ ол оқырманнан гөрі, әдебиеттің өзіне көп байланысты. Әдебиеттің даму жолы сол қысқалыққа әкеледі. Аз сөзге көп мағына сыйдыру терең білімнің, ізденістің белгісі болса керек.

Жиырмасыншы ғасырдың басында Әлихан Бөкейханов «Роман деген не?» атты мақала жазды. Және алғашқы қазақ романы «Бақытсыз Жамал» дестік. Ал бүгінде романдар сан қилы [3; 74].

Бүгінгі күнгі замана суретін таңбалаған «Жармақ» романында қазақ руханиятының болмыс-бітімі Мұрат пен Марат бейнесі (амбиваленттілікті) арқылы қарапайымдылықтан күрмеуі қиын күрделілікке желі тартып, шынайылық пен шындықтан ауытқымай мүлдем жаңа қияларға жол бастайды.

«Жармақтағы» Мұрат алғашқы университеттегі оқу жылдарында-ақ ғылымға деген икемділігімен көзге түседі. Университеттегі студенттердің ғылыми конференциясында тарихи тақырыптарға баяндама жасап, ғылымдағы алғашқы зор мүмкіншіліктерін танытады. Университетті қызыл дипломмен бітіріп, аспирантураға қалдырылады. Тақырыбы да бекітіледі. Бірақ кеңестік жүйенің китүрқы, саяси саясаты оның ғылымындағы ойлаған, алға қойған арман-мақсатына тұсау салады. Қараңғылықта, жалғыз өзі ой-қиялынан өткізеді. Ешқандай түс те, елес те жоқ. Кәдімгі шын Мұрат. Өткен өміріне өкінетін сияқты. Анау емес – Мұрат. Ал, Марат барлықта, тоқшылықта өмір кешуде. Оның арманы рухани байлық емес, дүниеқоңыздық. Өз халқының үстінен баю.

Сөйтіп, романдағы Мұрат пен Марат екі дүниетанымға, екі антагонистік идеологияға бөленеді. Романдағы оқиғалар тәуелсіздік жылдарындағы әр отбасының басынан өткерген әр түрлі қиын

жағдайлары. Жармақ образдары арқылы суреттеледі. Біреулер үшін ол Мұрат бейнесі сияқты трагедиялық «тар жол тайғақ кешу» болса, Мараттар үшін ол комедиялық түрде «ауырдың үсті, жеңілдің астымен» өткендей әсер береді. «Жармақ» романында осы ащы шындықтың бастау алар негізі ұлтсыздықта екенін алдымызға жайып салады: «Ұлтсыздық деген. Ұлтсыздық – ұлттық сана, ұлттық сезім, ұлттық танымның жоқтығы ғана емес, адамдық кейіптен айырылу, қасиетсіздік деген сөз».

Иә, романдағы Мұраттың жанталаса, шыр-пыр болып қорғайтын идеясы өз ұлтына адал қызмет ету. Ұлттық менталитеттің киесі бар. Сол үшін ұлттың тілін, дінін, ділін көзінің қарашығындай сақтау керек. Бұл сенің қазақ болып, ұлт болып, мемлекет болып өмір сүруінің бірден-бір шарты дейді. Постмодерндік нышанда жазылған романның электрондық хаттары, бағдарлы мәлімдеме, күнделікті бұқаралық ақпарат құралдарының жаңалықтары, қарама-қарсы қаһармандардың монологтары шығарманың поэтикалық тынысын кеңейте түседі. Мұраттың қарапайым тіршілігі мен Мараттың аста-төк байлығы, Мұраттың ұлттың болашағы үшін жазылған ғылыми еңбегі мен Мараттың даяр дүниеге тап болар пасықтығы т.т. осының бәрі романның іштей тұйықша тізбектелген байланысын арттырып, үстеме мағына тудырап факторын нақтылай түседі.

Адамның іштей екіге бөлінуі, қостұлғалық қасиеті психологиялық-әлеуметтік тұрғыдан жазылған Т. Әбдіковтің «Парасат майданы», С.Елубаевтің «Жалған дүние», Б. Мұқайдың «Өмірзая» романдарында және тағы басқа жазушылардың шығармаларында өзіндік жанрлық-синкреттілік сипаттарымен ерекшеленіп, қазақ прозасының көкжиегін кеңейте түскені шындық [3; 93].

Қаламгерлер ерекше тың идея мен тақырып сонылығын ұлттық әдебиетімізге әкелуімен ерекшеленеді. Басты мәселе мында: аталмыш қаламгерлер қандай жанрда, қандай тақырыпта жазбасын, ең алдымен, адам болмысын, оның ішкі жан әлемінің бұлқынысынан туындайтын әдеби-эстетикалық категория – драматизмді, барша сезім-күйлерін тап басып, тамаша өрнектей білді және де жекелеген адам тағдыры, іс-әрекеті арқылы сол кейіпкер өмір сүріп отырған дәуірге тән сипатты ашып, ақ пен қараны ажырату жағын оқырманның өз үлесіне қалдырып отырғаны да мәлім.

Ұлттық әдебиеттану ғылымының оқу процесі барысында негізгі деп табылатын мәселелерін сөз еткенде үнемі назарда ұстайтын жайттар да аз емес. Біз қай шығарманы алсақ та, бізде тамсану басым, тандану басым, ал көркем шығарманы мәтініне сүйене отырып талдау, сол арқылы қаламгердің көркемдік әлеміне барлау жасау қашанда маңызды.

Жалпы алғанда, қазіргі қазақ прозасында, қазіргі қазақ романдарында постмодернизм мәселесі жиі бой көтеруде.

Ақын-жазушыларымыз тарапынан постмодернизмнің алғашқы сатыларының игеріліп жатқанын жоққа шығара алмаймыз. Әдебиет зерттеушісі, көркем шығарманың көкжиегін кемел білімімен шалатын Бақытжан Майтанов 2009 ж. «Қазақ әдебиеті» газетінде жарияланған «Басты назар — бүгінгі әдебиетте» атты екеудің әңгімесінде «Постмодернизм соншалық жат, өзгеше құбылыс емес. Біз тек дабырайтып айтамыз. Бадырайып тыңдаймыз. Мәселен, М. Мағауинде әлемдік постмодернизмнің негізгі стильдік белгілері бар екені ертеде айтылса, таңқалар едік. Ал, расында, солай деп ұғынуға бейіммін. Р. Тоқтаровта модернистерде қатты дамыған «сана ағымы», постмодернистік тәсілдер ұтымды қолданылады. Беріде Р. Мұқанова, Д. Амантай, А. Кемелбаева, А. Алтай, А. Жақсылықов, А. Ықсан тәрізді қаламгерлердің дүниетанымы, қолтанбасында мұндай өрнек неғұрлым табиғи сипат алып барады. Постмодернистік сипат бір жерде ерте, бір жерде кейін пайда болады. Ол соншалық жетістік те емес, кінәлауға да келмейді. Әдеби және өмірдегі заңдылық [4; 89].

Мәселе – жалпы шығарма рухын дұрыс, сауатты саралап беруде. Тегі, біз, әдебиет, өнер, гуманитария адамдары, – Рух планетасының өкілдеріміз. Р. Нұрғали ағамыздың «Сөз билейді халықты» деген сұхбат беруінде үлкен мән бар. Әдебиет, өзгелер қаласа да, қаламаса да, – өмір сүреді. Өйткені дүниенің адамдар үшін ең айқын таңбалық белгісі – Сөз», — деп терең көзқараста тың ойларды көтеруі біраз даулы мәселелердің алдын орайтыны белгілі.

Соңғы кездері қазақ романдарында сөз болып жүрген мәселелердің басым көпшілігі — жатсыну. Қаламгерлердің әдеби-эстетикалық ұстанымдары әр түрлі. Қаламгерлердің ұлттық рух, діл, намыс мәселелерін көркемдік идеяға жүк еткен туындыларын М. Мағауиннің «Көк мұнар», «Шақан-Шері», «Сары қазақ», С. Елубаевтың «Ақ боз үй», «Мінәжат», «Жалған дүние», О. Бөкейдің «Өз отынды өшірме» романдарынан байқай аламыз [4; 156].

Жазушылар үшін нақты өмір шындығын танытудан гөрі, өмір мен қиял туралы таным-көзқарастар маңызды болды. Олар адам мен әлем қарым-қатынастарын байыптауда заттар мен құбылыстардың эмпирикасынан тыс мазмұнға да көңіл аударды.

Әдебиетке жатсыну сынды күрделі философиялық мәселенің енгізілуі адам тұлғасын иррационалдық тұрғыдан көрсетуге себеп болды. Прозада адам бейнесін социумнан ажыраған, тегінен, айналасынан, қоғамнан жатсынған кейіпкерлер арқылы бейнелеу үрдісі байқалады.

Қазіргі қазақ прозасы экспериментке зәру. Эксперимент дегеніміздің өзі – жаңашылдыққа құштарлық емес пе?! Бүгін жасалған эксперимент нәтижесіз аяқталуы мүмкін. Тіпті, жылт етіп жанып, қайта сөнген жарықтай-ақ болсын. Оның нәтижесі, ертеңгі күні, не ғасыр соңында, не қайсыбір замандарда ұлы жаңалыққа айналмасына кім кепіл?! Бізге 1927 ж. «Огонек» журналының бас редакторы Кольцовтың идеясымен, Александр Грин, Исаак Бабель, Леонид Леонов сынды беделі бел қайыстырар 25 жазушының бірін бірі жалғап жазып шыққан «Большие пожары» атты ұжымдық романы, серб жазушысы Милорад Павичтің ілгеріден кейін оқығанда басқа оқиға, соңынан алдына қарай оқығанда, тіпті басқа оқиға желісі шығатын, оқырманға романның жүзге тарта шешімін қатар ұсынып, қалағанын таңдауға мүмкіндік беретін роман-сканворды сынды, сонымен қатар әлем әдебиетіндегі ребус-кітап, гипертекст, пошым мен мазмұны, құрылымы жағынан түрлі экспериментке түсетін әдеби пазлдар, мозаикалар сияқты туындылар керек.

Қазіргі қазақ романдарында постмодернизм басым екенін айтып өткен болатынбыз. Бұл ағымның бастауын біз XX ғасыр соңы және XXI ғасыр басында туған шығармалармен тығыз байланыстырамыз. Атап айтқанда, Р. Мұқанова, А. Жақсылықов, А. Алтай, Д. Амантай, А. Ихсанов сынды жазушылардың шығармаларында жаңа поэтикалық өлшемдер анықталады.

Адамзат баласының XX ғасыр соңы мен XXI ғасыр басынан бастап әдебиет әлемінде тың өзгерістер болды. Ал, өзгеріс, бетбұрыстардың өздігінен бола қоймайтыны мәлім. Адамзат қауымының ішкі әлемі, жан дүниесіндегі бұлқыныс, сілкініс пен серпіліс, бәрінен бұрын, дәл бұрынғыша, ғұмыр кешудің енді мәні болмасына баршаның көзі жетті. Бұл, әрине, қазақ әдебиетіндегі жаңа көзқарастар. Қазақ романындағы жаңашылдықтар.

Әдебиеттер тізімі

- 1 *Жарылғапов Ж.Ж.* Қазақ прозасы: модернизм және постмодернизм: моногр. — Қарағанды: ҚарМУ баспасы, 2015. — 290 б.
- 2 *Жарылғапов Ж.Ж.* Қазақ прозасы: ағымдар мен әдістер: моногр. — Қарағанды: Гласир, 2009. — 400 б.
- 3 *Төлеубаева К.А.* Қазақ романындағы кейіпкерлердің рухани әлемі. — Қарағанды: Санат, 2007. — 104 б.
- 4 *Камалқызы Ж.* Рахманқұл Бердібай және қазақ роман. — Алматы: Волкова Е.В., 2016. — 320 б.

Ж.Ж. Жарылғапов, М.С. Амангельдина, М.Т. Оспанғалиева

О современном казахском романе

В статье рассмотрены жанровые особенности современного казахского романа. Всесторонне охарактеризованы художественный стиль и особенности написания современных казахских романов. Проанализированы индивидуальная манера речи писателей и их языковые особенности. Изучены в сопоставительном аспекте романы прошлого века. Определены их содержание и структура. Жанр романа исследован в контексте современных научных направлений.

Ключевые слова: слова, роман, литература, писатель, постмодернизм, теория романа, личностный конфликт, мир героя.

Zh.Zh. Zharylgapov, M.S. Amangeldina, M.T. Ospangalieva

About modern Kazakh novel

The article examines the genre features of modern Kazakh novel. Comprehensively characterized by art style and characteristics of modern Kazakh writing novels. Analyzes the individual style of speech writers and language features. Comparative study in the novels of the last century. Determined by their content and structure. Genre novels are studied in the context of modern scientific trends, and determine their literary-artistic features.

Keywords: word, novel, literature, writer, post-modernism, theory of novel, personal conflict, the world hero.

References

- 1 Zharylgapov Zh.Zh. *Kazakh prose: modernism and postmodernism*: monograph, Karaganda: Karaganda State University publ., 2015, 290 p.
- 2 Zharylgapov Zh.Zh. *Kazakh prose: trends and method*: monograph, Karaganda: Glasir, 2009, 400 p.
- 3 Toleybaeva K.A. *The spiritual world of the kazakh heroes of novels*, Karaganda: Sanat, 2007, 104 p.
- 4 Kamalkyzy Zh. *Rakhmankul Berdibay and kazakh romance*, Almaty: Volkova E.V., 2016, 320 p.